

14 сәуір
сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ОЙЫЛ ӨНЕРПАЗДАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МЕН «АҚТӨБЕ – ДАРЫН» Өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының қолдауымен ұйымдастырылған «ANASH MEDIA» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ЖАС ДАРЫН - 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨПЖАНРЛЫ БАЙҚАУЫ ЖАС ТАЛАНТТАРДЫҢ БАҒЫН СЫНАП, ӨНЕРДЕГІ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ.



Аталған байқау еліміздің түркі-түкпірінен жиналған өнерлі өрендердің басын қосып, олардың тәжірибе алмасуына және шығармашылық байланысын нығайтуға мүмкіндік берді. Осындай ауқымды додада ойылдық өнерпаздар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, аудан мерейін асқақтатты.

Байқау нәтижесінде Ойыл балалар музыка мектебінің «Алақай» балалар хоры I орынды иеленіп, өздерінің вокалдық шеберліктерін дәлелдесе, «Қыл-қобыз» класының

оқушысы Құндызай Ғалымқызы ұлттық өнерді дәріптеп, жүлделі I орынды жеңіп алды. Ал, «Маржан» үлгілі би ансамблі өз өнерлерімен көпшілікті тәнті етіп, I және II орындарды қанжығасына байлады. Ансамбль байқауда «Шашу», «Тойбастар», «Ақбаян», «Құстар» билерін сахналап, ұлттық нақыш пен заманауи үйлесімді шебер ұштастыра білді.

Сонымен қатар, байқауда аудандық мәдениет үйінің «Әсем» үлгілі би ансамблі де жоғары деңгейде өнер

көрсетіп, жүлделі I орынды иеленді. Ансамбль жетекшісі Әйгерім Жадырасынның жетекшілігімен ұсынылған «Кербез» биі жоғары орындаушылық шеберлігімен көзге түсті. Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде және I орын иегерлері алдағы уақытта Шымкент және Ақтау қалаларында өтетін байқауларға жолдама алды.

Бұл жетістіктер – жүйелі еңбектің, үздіксіз даындықтың нәтижесі. Жас өнерпаздардың жетістігінің артында олардың

талантын шындап, бағытбағдар берген тәжірибелі ұстаздардың еңбегі зор. Атап айтқанда, көркемдік жеткішілер Ұлпан Сапарова, Алпағұл Ержанова, Ақжайнақ Талғатқызы мен Жайнағұл Ахмедьярова шәкірттерінің сабақтардың өткізілу барысы көрсетіліп, студенттердің тәжірибелік дағдыларды меңгеру деңгейі таныстырылды. Бұл бағыттағы жұмыстардың ауыл шаруашылығы саласына қажетті білікті мамандар даярлаудағы маңызы ерекше екендігі атап өтілді.

Жиын соңында жұмысшы топ Ойыл селосындағы жылыжай шаруашылығының жұмысымен танысты. Жылыжайда көкөніс өнімдерін өсіру технологиясы, суару жүйесі, өнімді сақтау және өткізу жолдары көрсетіліп, ауыл кәсіпкерлері үшін тиімді тәжірибе ретінде ұсынылды. Кездесу қорытындысында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған мұндай іс-шаралардың маңызы зор екені айтылып, сала өкілдеріне мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК - ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

ОЙЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ГҮЛМИРА САДАҚБАЕВА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.



Бұл жоғары марапат – оның білім беру саласындағы жүйелі жұмысының, қоғамдық-саяси шараларға белсенді қатысуының және өз ісіне деген зор жауапкершілігінің нәтижесі.

Гүлмира Танжарбайқызы ауданның білім беру жүйесін дамытуға сүбелі үлес қосып, ұстаздар мен оқушылар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытында табысты еңбек етіп келеді. Марапатты Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Бұлбұл Күзембаева табыстады. Бұл – кәсіби біліктілік пен табандылықтың, адал еңбектің айқын көрінісі. Осындай жетістік – тек жеке еңбек жемісі ғана емес, сонымен қатар бүкіл ұжымның бірлескен жұмысының нәтижесі.

«ҚЫЗМЕТ» САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЕСЕП БЕРУ САЙЛАУ ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

ЖИНАЛЫСТА «ҚЫЗМЕТ» САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ АЙДАРБАЕВ МҰРАТБАЙ БОЛАТҰЛЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУ БАЯНДАМАСЫ ТЫНДАЛДЫ.



Ол өз баяндамасында аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды, әлеуметтік әріптестікті дамыту бағытындағы бастамаларды және кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғау бағытында жүзеге асқан жұмыстарды жан жақты баяндады. Ревизиялық комиссияның да есебі тыңдалып, ұйым жұмысына тиісті бағалар берілді. Жиынға қатысқан облыстық филиал төрағасы Мухтарита Муханбетқалиқызы өз кезегінде аудандық кәсіподақ ұйымының жұмысына оң бағасын беріп, алдағы кезеңдегі міндеттерге тоқталды. Ол кәсіподақ қозғалысын жаңғырту, жастарды тарту және әлеуметтік әріптестікті дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті. Жиын соңында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Саян Сапарұлы Сүлейменов кәсіподақ ұйымының аудан өміріндегі маңыздылығына тоқталып, алдағы уақытта бірлескен жұмыстар жалғасатынын жеткізді. Жиналыстың негізгі күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі — жаңа комитет төрағасын сайлау болды. Ашық дауыс беру нәтижесінде «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы, «Келешек» жастар кеңесінің белсенді мүшесі Айтқалиев Нұрлан Айсәулі «Қызмет» салалық кәсіподағы Ақтөбе облысы Ойыл аудандық комитетінің төрағасы болып сайланды. Жиналыс соңында ұзақ жыл қоғамдық негізде аудандық кәсіподақ комитетін мінсіз атқарған Айдарбаев Мұратбай Болатұлына және бірқатар белсенді кәсіподақ мүшелеріне «Қызмет» салалық кәсіподағы Орталық Комитетінің төрағасы Мирболат Хабиұлы Жақыповтың атынан Алғыс хаттар табысталды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ОЙЫЛДА БАС ҚОСТЫ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖИНДЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ, ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Аталған кездесуге аудан әкімі Асқар Қазыбаев, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, кәсіпкерлер, бірқатар мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері және сала мамандары қатысты. Кездесу барысында ауыл шаруашылығы саласын несиелеу, субсидиялау, мемлекеттік қолдау шаралары және қолданыстағы бағдарламалар

жан-жақты түсіндірілді. Қаржы институттарының өкілдері жеңілдетілген несие алу тетіктері, пайыздық мөлшерлемелер, кепілдік мәселелері мен кәсіпкерлерге арналған жаңа мүмкіндіктер жөнінде кеңінен ақпарат берді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, мал басын көбейту, егін

шаруашылығын дамыту және жылыжай ісін қолдау бағыттары бойынша нақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиын барысында ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласына қатысты қойылған сұрақтар бойынша жеке қабилдаулар ұйымдастырылып, сала өкілдерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Қатысушылар өздерін толғандырған мәселе

лер бойынша жауапты мамандардан нақты жауаптар алып, алдағы уақытта жүзеге асырылатын қолдау тетіктері жөнінде пікір алмасты. Бағдарлама аясында қонақтар кәсіптік колледж базасындағы ветеринариялық клиника жұмысымен танысты. Онда малды қолдан ұрықтандыру, ветеринариялық тәжірибелік сабақтардың өткізілу барысы көрсетіліп, студенттердің тәжірибелік дағдыларды меңгеру деңгейі таныстырылды. Бұл бағыттағы жұмыстардың ауыл шаруашылығы саласына қажетті білікті мамандар даярлаудағы маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Жиын соңында жұмысшы топ Ойыл селосындағы жылыжай шаруашылығының жұмысымен танысты. Жылыжайда көкөніс өнімдерін өсіру технологиясы, суару жүйесі, өнімді сақтау және өткізу жолдары көрсетіліп, ауыл кәсіпкерлері үшін тиімді тәжірибе ретінде ұсынылды. Кездесу қорытындысында ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған мұндай іс-шаралардың маңызы зор екені айтылып, сала өкілдеріне мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 10 БАБЫНЫҢ 3 ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕН ШЫҒЫП ҚАЛҒАН БОС ОРЫНДАРҒА САЙЛАУ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 8 сәуірінен бастап 23 сәуіріне дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 23 сәуіріне дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 400 учаскелік сайлау комиссиясы	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ В СООТВЕТСТВИИ С ПУНКТОМ 3 СТАТЬИ 10 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН» ОБЪЯВЛЯЕТ О НАЧАЛЕ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА, ВЫБЫВШИЕ ИЗ ЧЛЕНОВ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуру, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 8 апреля по 23 апреля 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 23 апреля 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов. Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородный телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование участковой избирательной комиссии	Число вакантных мест
Участковая избирательная комиссия № 397	1
Участковая избирательная комиссия № 400	1

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ
СТРЕСС КЕЗІНДЕ ӨЗІҢЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?



Қазіргі таңда оқушылардың өмірі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қарқынды. Сабақ үлгерімі, бақылау жұмыстары, емтихандар, ата-ананың үміті, мұғалімдердің талаптары және қатарластармен қарым-қатынас — мұның барлығы жасөспірімге айтарлықтай психологиялық жүктеме түсіреді. Осындай жағдайда стресс пайда болуы — қалыпты әрі табиғи құбылыс.

Стресс — бұл адамның ағзасының қиын немесе мазасыз жағдайларға берген жауабы. Белгілі бір деңгейде ол пайдалы да болуы мүмкін: адамды әрекет етуге, жауапкершілік алуға және алға ұмтылуға ын-таландырады. Алайда стресс ұзақ уақыт сақталса, ол денсаулыққа, көңіл-күйге және оқу үлгеріміне кері әсер етеді.

Стресстің белгілері әр адамда әртүрлі көрінеді. Кейбір оқушыларда бас ауруы, шаршау, ұйқының бұзылуы байқалса, енді бірінде ашуланшақтық, мазасыздық, көңіл-күйдің төмендеуі орын алады.

Сонымен қатар, ештеңеге қызығушылықтың болмауы немесе жалғыз қалуға ұмтылу да жиі кездеседі.

Мұндай жағдайда ең маңыздысы — өз күйіңді түсіну және дер кезінде өзіңе көмектесу. Ең алдымен, тыныс алу жат-

тығулары тиімді әдістердің бірі болып табылады. Терең әрі баяу тыныс алу арқылы ағза тынышталып, жүрек соғысы қалыпқа келеді. Мысалы, 4 секунд тыныс алып, 4 секунд ұстап, 4 секундта шығару жаттығуын бірнеше рет қайталау жүйкені босаңсытады. Екіншіден, ойды қағазға түсіру — ішкі күйзелісті азайтудың қарапайым, бірақ тиімді тәсілі. Адам өзін мазалап жүрген ойларын жазу арқылы ішкі сезімдерін реттеп, өзін жақсырақ түсіне бастайды.

Үшіншіден, қозғалыс пен белсенділік стрессті азайтуда маңызды рөл атқарады. Таза ауада серуендеу, спортпен айналысу немесе жеңіл дене жаттығулары көңіл-күйді жақсартып, ағзадағы кернеуді төмендетеді. Сонымен қатар, демалыс пен сүйікті іспен айналысу да өте маңызды. Музыка тыңдау, кітап оқу, сурет салу немесе шығармашылықпен айналысу — бұл өзіңе қамқорлық жасаудың бір жолы.

Тағы бір маңызды тәсіл — сезімдермен бөлісу. Ішкі уайымды жалғыз көтермей, сенімді адаммен бөлісу қажет. Бұл дос, ата-ана, мұғалім немесе мектеп психологы болуы мүмкін. Әңгімелесу арқылы адам жеңілдік сезінеді және мәселенің шешімін табу оңайырақ болады.

Сондай-ақ, ойлау жүйесін өзгерту де маңызды. Кейде біз жағдайды шектен тыс қиындатып қабылдаймыз. Мұндай кезде өз-өзіңізге: «Бұл жағдай уақытша ма?» «Мен бұны шеше аламын ба?» деген сұрақтарды қою пайдалы.

Қазіргі таңда психологтар ұсынатын тиімді әдістердің бірі — «5-4-3-2-1» жаттығуы. Бұл тәсіл мазасыздық кезінде адамды қазіргі сәтке қайтарады: 5 затты көру, 4 затты ұстап сезіну, 3 дыбысты есту, 2 иісті ажырату, 1 дәмді байқау арқылы адам өз ойын жинақтай алады. Қорытындылай келе, стресс — өмірдің ажырамас бөлігі. Одан толықтай қашу мүмкін емес, бірақ оны дұрыс басқаруды үйренуге болады. Әр оқушы өз денсаулығына жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Ең бастысы — өзіңе қамқор болу, уақытылы демалу, өз сезімдеріңді түсіну және қажет жағдайда көмек сұраудан ұялмау. Сіз жалғыз емессіз. Әрқашан көмек бар.

Қалиса ИЗИМОВА, Жамбыл мектеп-балабақшасының педагог-психологы.

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТАЛАПТАРЫ
ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ – БҰЛ ЖАУАПТЫ МӘСЕЛЕ, ӨЙТКЕНІ СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗ СІЗДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ТАҒАМЫҢЫЗДЫҢ САПАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН ДҮКЕНГЕ БАРҒАНДА ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ӨНІМДЕРДІ ТАҢДАУ КЕРЕК.

Осыған байланысты тұтынушылардың тамақ өнімдері туралы дұрыс ақпаратқа, құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге қатысты тұтынушыларды адастыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №881 шешімімен әзірленіп, бекітілді.

Осы Кеден одағының техникалық регламентінде тамақ өнімдерін таңбалау бөлігінде қойылатын талаптар белгіленген. Тамақ өнімдерінің таңбалауында өнімнің атауы және оны өндіруші, құрамы, саны, дайындалған күні, тамақ өнімдерін сақтау шарттары болуы тиіс.

Бұдан басқа энергетикалық құндылық. Бұл ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендер мен минералдардың мөлшері, калория мөлшері, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісі «ЕАС» көрсетілуі керек және де қажетті ақпарат міндетті түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде болуы тиіс.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіз тұтынатын өнім денсаулығыңызға зиян келтірмеуі үшін дүкеннен кез-келген өнімді сатып аларда, оның сыртқы қорабына, дайындалған күні мен жарамдылық мерзіміне, сақталу жағдайына және құрамына аса назар аударып, оның қауіпсіздігіне көз жеткізгеніңіз дұрыс!

Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес сауда нысандарында белгіленген жарамдылық мерзімі жоқ немесе жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін өткізуге, өнімдердің қауіпсіздігі мен сәйкестігін растайтын бағалау құжаттарыңыз сатылуына, өнімнің таңбалаудағы ақпарат тексеру нәтижесі бойынша сәйкес келмейтін тамақ өнімдерін қабылдауға, сақтауға, тағамалдауға және өткізуге жол берілмейді.

Алайда сауда нысандарында тез бұзылатын қандартерлік, дайындау күні мен жарамдылық мерзімі көрсетілмеген және жарамдылық мерзімі өткен, құжаттарсыз өнімдерді сату тыйылмай отыр. Мұның бәрі тамақтан улану жағдайларына әкеліп соқтыратыны белгілі. Осыған байланысы Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы тұтынушыларды өнімді таңдауда мұқият болуға — жапсырмадағы таңбалауды зерттеп қарауға шақырады.

Дайындаушысы, дайындалған күні, жарамдылық мерзімі және басқа да деректер туралы ақпараты жоқ өнімдер Сіздің, туған-туыс қандарыңызға және Сізге жақын адамдардың денсаулығы үшін қауіпті екендігін ескертеді.

Дайындаушысы, дайындалған күні, жарамдылық мерзімі және басқа да деректер туралы ақпараты жоқ өнімдер Сіздің, туған-туыс қандарыңызға және Сізге жақын адамдардың денсаулығы үшін қауіпті екендігін ескертеді.

Ғ.ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

ДЕРМАТОМИКОЗДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ



Дерматомикоздар — бұл адамдар мен жануарларда паразиттік тіршілік ететін дерматофит саңырауқұлақтары тудыратын тері аурулар тобы, ол халық арасында теміреткі деген атпен белгілі. Теміреткінің ең көп таралған түрі: микроспория және трихофития. Ересек адамдар да, балалар да дерматомикозбен аурады, аурушандық деңгейінің өсуі күз-қыс айларында байқалады. Саңырауқұлақтар дененің тегіс терісін, бас терісін, тырнақ, шап аймағы-

ның терісін, аяқтың өкше бөлігін, бет терісін зақымдайды. Инфекция көзі ретінде ауру адамдар, үй жануарлары болып табылады. Ауру кездері көбінесе теміреткіні жұқтырған мысықтар мен иттер, әсіресе қаңғыбас жануарлар болып табылады. Ауру қоздырғышы бар науқастың бас киімін, төсек жамылғылары мен іш киімін, сүлгісін, тарағын пайдаланғанда жұғады. Аурудың инкубациялық кезеңі 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Дүкеннен киім сатып алмас бұрын, балалар мен ересектер оның өлшемі мен түсіне сәйкес келмейтін түрде күмәнданып, оны киіп көреді. Осы ретте біз тіпті киімдерді бізге дейін ондаған, тіпті жүздеген адамдар кигенін ойға алмаймыз. Дүкенде киімдерді киіп көру арқылы адамдар дерматомикоздар ауруларын жұқтыруы мүмкін.

АЛДЫН АЛУ:
 *жеке гигиена қағидаларын сақтау; киім мен аяқ киімді таза ұстау, өзге адамның аяқ киімі мен киімін кимеу, басқа

біреудің тарағын қолданбау. *қоғамдық орындарға барып келгеннен соң қолды мұқият сабынмен жуу, моншаға немесе саунаға барған кезде жабық резеңке аяқ-киімдерді пайдалану. *дүкендерді аралап келгеннен кейін жуыну керек, дүкендерді аралағанда киген киіміңізді жуып алу керек, сатып алған жаңа киіміңізді киер алдында жуу керек. *үй жануарларын ұстағаннан кейін қолды сабындап жуу, үй жануарларын, иттерді, мысықтарды мал дәрігерінің тексеруінен өткізу. *Бөтен адамдардың бас киімдерін, тарақтарын, киімдерін, сүлгісін пайдаланбаңыздар. *Спорттық кешендерден, шаштараздардан келгеннен кейін міндетті түрде жуыныңыздар. Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қою және тиісті ем алу үшін медициналық ұйымдардың көмегіне жүгінуі ұсынамыз. Кез келген ауруды емдеуден гөрі алдын алу оңай!

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ - ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ

КОНКУРС

«ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ

«ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ БАСШЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Функционалдық міндеттері:

Ресурстық орталықтың қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік – құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жастар саясаты туралы заң аясында мемлекеттік органдармен және аудан жастарымен бірлесіп отырып жұмыстарды ұйымдастырады.

Жұмыс жоспарларын, бағдарламаларды бекітеді. Аудандағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бағытында жастармен тығыз байланыста жұмыстарды ұйымдастырады.

Жастар қоғамдық бірлестіктерінің, білім мекемелерінің және еңбек ұжымдарындағы, ұйымдар мен кәсіпорындардағы жастар активтерінің мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мәселелері қызметін ұйлестіріп, жастардың азаматтық бастамаларын, рухани – адамгершілік, зияткерлік, шығармашылық және дене күш-қуатының әлеуетін дамыту, қазақстандық отансүйіштікті қалыптастыру бағытындағы шаралар ұйымдастыру. Жастармен мекен - жайы бойынша жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етеді. Ауыл жастарының және ауылдағы жас мамандардың (түлектердің) бейімделуіне көмектесіп, жастар үшін кеңестер ұйымдастыру, соның ішінде жас отбасыларға, Қазақстан аймағында жүзеге асырылатын барлық мемлекеттік, салалық және аумақтық бағдарламалар мен жобалар бойынша кеңес беру жұмыстарын, өмірдің қиын жағдайына тап болған, бақылаусыз және қараусыз қалған жастарға, жас мүгедектерге, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жас азаматтарға психологиялық көмек көрсетеді. Құзірет шегінде жас адамдардың еңбекке орналасуына, кәсіби дайындығы мен қайта дайындығына ықпал ету, еріктілік, әскери-патриоттық ұйымдардың, әскери-спорттық, әскери-ізденушілік, спорттық-техникалық және аула клубтарының желісін қалыптастыра отырып, жастардың әскери-патриоттық желісін дамыту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырады.

Белгіленген заңнама шегінде ресурстық орталықтың мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, орталықтың материалдық базасының сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Орталықтың кадрларын және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Қызмет барысында айрықша көзге түскен қызметшілерді өз қызметі шегінде марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда ресурстық орталықты танытады, қажетті есеп құжаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Лауазымдық жалақысы: қызмет өткерген жылдарына байланысты: 130 000 теңгеден 270 000 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық, гуманитарлық білім. Жастармен жұмыс жоғары бағытындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Конкурс Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 21 мамырдағы №365 «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Ережесі негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген үміткерлер құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде конкурстан өтеді.

Білуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіні;
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі;

Қазақстан Республикасының заңдарын:

- «Мемлекеттік мүлік туралы»;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»;
- «Мемлекеттік сатып алулар туралы»
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы»

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі (қосымшаларымен);
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы:

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы, Көкжар 66 (Балалар кітапханасы ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі).

Толық ақпаратты +7 (71332) 2-20-19 телефоны бойынша алуға болады.

КОНКУРС

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И СПОРТА» Объявляет конкурс на занятие вакантной должности руководителя коммунального государственного учреждения «Уилский районный молодежный ресурсный центр».

Должностные обязанности:

Руководит деятельностью ресурсного центра по работе с молодежью в соответствии с уставом и другими нормативно – правовыми актами. В рамках Закона Республики Казахстан «О государственной молодежной политике» организует работу во взаимодействии с государственными органами и молодежью района. Утверждает планы работ, программы. Организует тесное взаимодействие с молодежью в целях реализации государственной молодежной политики. Организует мероприятия направленные на развитие гражданских инициатив, казахстанского патриотизма, развитие духовно-нравственного, интеллектуального, творческого и физического потенциала и организует реализацию государственной молодежной политики среди молодежных активов учреждений и организаций, трудовых коллективов, учреждений образования и в молодежных общественных объединениях. Организует консультации для молодежи, в том числе молодым семьям, по всем государственным, отраслевым и региональным программам и проектам, реализуемым на территории Казахстана. Обеспечивает организацию адресной работы с молодежью по месту жительства, учебы и работы. Оказывает психологическую помощь молодежи, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, безнадзорным и беспризорным подросткам, молодым инвалидам, а также молодым гражданам, освобожденным из мест лишения свободы. В пределах компетенции оказывает содействие молодым людям в трудоустройстве, профессиональной подготовке и переподготовке. Содействует в развитии сети военно-патриотического воспитания молодежи посредством формирования сети волонтерских, военно-патриотических организаций, военно-спортивных, военно-поисковых, спортивно-технических и дворовых клубов. В соответствии с установленным законодательством осуществляет контроль за сохранностью имущества ресурсного центра, ежегодно представляет материально-финансовую отчетность. В соответствии с нормативными требованиями несет ответственность за технику безопасности, защиту труда, соблюдение внутреннего трудового распорядка, целостность и сохранение материально-технической базы ресурсного центра. Обеспечивает отбор кадров и дополнительных работников ресурсного центра. Утверждает должностные инструкции сотрудников центра, создает условия для повышения их уровня профессиональной подготовки. Применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на сотрудников Учреждения в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Представляет интересы Учреждения в государственных органах и иных организациях, обеспечивает предоставление необходимых отчетных документаций.

Должностной оклад: в зависимости от выслуги лет: От 130 000 до 270 000 тенге.

Требования к участникам конкурса:

Высшее педагогическое или гуманитарное образование. Стаж работы в сфере работы с молодежью должен составлять не менее 3 лет. Конкурс проводится на основании Правил проведения конкурса на занятие вакантной должности гражданского служащего и поступления на гражданскую службу, утвержденных приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 25 декабря 2015 года № 1017. Кандидаты, допущенные к участию в конкурсе, проходят конкурс в государственном учреждении «Ойылский районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта» в течение 3 рабочих дней после окончания срока приема документов

Должен знать:

- Конституция Республики Казахстан;
- Трудовой кодекс Республики Казахстан;
- Гражданский кодекс Республики Казахстан;
- Бюджетный кодекс Республики Казахстан;
- Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»;

Законодательство Республики Казахстан:

- «О государственном имуществе»;
- «О противодействии коррупции»;
- «О государственных закупках»
- «О государственной молодежной политике»

4. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, в срок, указанный в объявлении о проведении конкурса, представляет следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
 - 2) резюме на государственном и русском языках;
 - 3) автобиография в произвольной форме;
- Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, касающуюся его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендации от руководства предыдущего места работы и т.д.). Прием документов для участия в конкурсе производится в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня опубликования объявления в средствах массовой информации.
- 4) копии документов об образовании (с приложениями);
 - 5) копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо копии приказов о приеме на работу с последнего места работы и прекращения трудового договора;
 - 6) справка о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года №907 «об утверждении форм первичной медицинской документации организаций здравоохранения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6697).

Документы принимаются нарочно или по почте по адресу: Республика Казахстан, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Кокжар 66 (здание детской библиотеки), (Уилский районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта).

Более подробную информацию можно получить по телефону +7 (71332) 2-20-19.

МЕНИНГОКОКК ИНФЕКЦИЯСЫ: НЕ БІЛУ КЕРЕК ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?



Менингококк инфекциясы — бұл бактериялар тудыратын жедел ауру, ол өртүрлі түрде көрінуі мүмкін: симптомсыз тасымалдаудан бастап менингит пен менингококк сепсисі сияқты қауіпті түрлерге дейін. Бұл ауру айлакер: ол кәдімгі тұмау немесе ангина сияқты маскировка жасай алады, бірақ кейде жылдам дамып, өмірге қауіпті болуы мүмкін. Инфекция туралы негізгі фактілерді және алдын алу шараларын қарастырайық. Аурудың көзі — науқас адам немесе «дені сау тасымалдаушы», оның симптомдары жоқ, бірақ бактерияларды таратады.

Жұғу жолы: ауа-тамшылы — жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде. Аурудың шыңы қысы және көктем айларына келеді. Менингококк инфекциясы өртүрлі түрде дамуы мүмкін, бірақ менингит кезінде симптомдар кенеттен пайда болады: күшті бас ауруы, жоғары температура, тамақ ішуден байланысты емес құсу, 6-15 сағаттан кейін бөртпе, бұлшықет пен буындардағы ауырсынулар.

Менингитте тері бозарады, жағдай тез нашарлайды.

Маңыздысы, кейде инфекция тұмау немесе тонзиллитке ұқсас болуы мүмкін, бірақ иммунитет әлсіреген жағдайда (қатты салқиндау, стресс, шаршау), бактерия ми қабықтарына өтіп, ауыр қабынды тудырады.

Менингококк инфекциясының алдын алу Иммунитетті күшейтіңіз: салқиндаудан аулақ болыңыз, жақсы ұйықтаңыз. Гигиенаны сақтаңыз: қолыңызды жиі сабынды сумен жуыңыз. Жұмыс бөлмелерін желдетіп, дымқыл тазалау жүргізіңіз.

Көпшілік орындардан аулақ болыңыз. Менингококк инфекциясы — емдеуден гөрі алдын алуы оңай ауру. Қарапайым гигиеналық ережелерді сақтау, иммунитетті күшейту және алғашқы симптомдарға мұқият қарау сізді және жақындарыңызды қорғауға көмектеседі.

Ғ.ҚУБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.

АДАМДАР ЖАППАЙ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар жаппай жиналатын объект – бір мезгілде жүз және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, ғибадат ғимараттарының, көңіл көтеру орындарының, көліктің барлық түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары жатады.

Көп жағдайларда мұндай объектілерде өрт шыққан кезде әрекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманғы адамдар көп жиналатын барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от және жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды оттегін ығыстырады. Улы газдың кішкене ғана концентрациясымен дем алған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Өйткені, статистика бойынша, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура әсерінен емес, түтінмен тұншығудан өледі.

Түтінмен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өртте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне екеледі.

Адамдар жаппай жиналатын объектіде өрт шыққан жағдайда жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы:

- 1.Кез келген адамдар көп жиналатын объектілерге кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көңіл бөліп, оша оларға қарай жүріп өтіңіз;
- 2.Ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық шығу бағытымен шығыңыз. Ештеме іздемей, жинақтамай оттан тезірек шығыңыз;
- 3.Адамдар көп жиналатын объектілерде зиянды жану өнімдері Сіздің бойыңыз бен оданда жоғары деңгейде жиналуы мүмкін, сондықтан эвакуациялық шығуларға еңбектеп өтіңіз, өйткені еденге жақын ауа температурасы төмен ері оттегі көбірек болады;
- 4.Егер түтіннің әсерінен тамағыңыз жыбырлап, көзіңіз жасасура – тыныс алу жолдарын қандай да бір көп қабатты мақта матасымен мықтылап бүркеп өтіңіз, мата арқылы демалыңыз;
- 5.Кез-келген жағдайда сабырлық сақтап, басқаларды тыныштандырып, үрей тудыруға жол бермеңіз. Өрттің шығуы немесе жану (түтіндеу, температураның жоғарылауы, күйкі иісі) белгілері туралы «101» немесе «112» телефондары арқылы (ұялы телефон арқылы теңгеріміңіз болмауына қарамастан теріледі) өртке қарсы қызметке хабар беріңіз. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

<p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.</p>	 <p>Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.</p> <p>Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.</p>	<p>Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 484 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525</p> <p>«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.</p>
--	---	--

ҰСТАЗ — БОЛАШАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕТІН ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰСТАЗ – ТЕК ПӘНДІ ОҚЫТУШЫ ҒАНА ЕМЕС, ЖАС ҰРПАҚҚА САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРІП, ОЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЖЕТЕКШІ, ОСЫ ЖОЛДА ҮЛГІЛІ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ – АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫ, ӨНУАР ДЕРБЫСАЛИН АТЫНДАҒЫ САРАЛЖЫН ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ СЕЙТМАҒУЛОВА СВЕТА ЖЕКСЕНҚЫЗЫ.



Света Сейтмағұлова — 1964 жылы 5 желтоқсанда Саралжын ауылында дүниеге келіп, 1989-1990 оқу жылынан бастап мектепте 35 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келеді. 1990-1994 жылдары тәрбие ісінің орынбасары, ал 1994 жылдан 2021 жылға дейін оқу

ісінің орынбасары қызметін атқарды. Света Сейтмағұлова оқушыларға орыс тілі пәні бойынша сапалы білім беріп, олардың шығармашылығы мен ізденісін дамытуға ерекше мән береді, шәкірттері аудандық және облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр, оның еңбегі жас ұрпаққа саналы тәрбие берудегі және білім сапасын арттырудағы өлшеусіз үлесімен бағаланады. Оның жетістіктері де мол, 2001, 2003, 2011 және 2021 жылдары облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды. 2019 және 2021 жылдары ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, 2016 жылы Аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты, 2017

жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2021 жылы Облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасы мен шипажайға сертификаты, 2024 жылы Ақтөбе облысы әкімінің Алғыс хаты берілді. Сейтмағұлова Света Жексенқызы – шәкірттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың тұлға ретінде дамуына, ізденімпаздыққа және шығармашылыққа ынталандыратын үлгілі ұстаз, оның ұзақ жылғы тәжірибесі мен қажырлы еңбегі әріптестері мен оқушылары үшін өлшеусіз үлгі болып табылады.

Айша БЕГАЛИНА, Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы.

НЕСИЕ НЕСІБЕ ЕМЕС – КРЕДИТКЕ КІРІПТАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАН ҚҰТҚАРА МА?

Қазақстанда соңғы жылдары несие алу үрдісі кенінен қанат жайды. Халықтың бір бөлігі пөтер, көлік, жер сияқты ірі көлемді қажеттіліктеріне несиемен көмегімен қол жеткізе, өнді бірі тұрмыстық заттар алу, қызметтерді пайдалану, шетелге шығу сияқты мақсаттарын банк арқылы жүзеге асырып отыр. Халықтың жаппай несие алуының себебі неде? МҰНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР ӘЛЕУМЕТТІК ТҮСІНДІРМЕСІ БАР МА?

Дәлірек айтқанда, өткен жылы қазақстандықтардың банктен алдындағы берешегі 23 трлн теңгеге жеткен. Оның ішінде тұтынушылық несие көлемі 14 трлн теңгені құрайды. Берешегі көп адамның қоғамдағы орны қандай? Олардың несиеге тәуелділігінің психологиялық себептері бар ма? Халықтың банктен алдындағы қарызын азайту үшін қандай саясат жүргізіліп жатыр? Осы сұрақтарға жауап іздеу мақсатында MNU Newsgroup тілшісі арнайы зерттеу жүргізді.

НЕСИЕНІ НЕСИЕМЕН ЖАБУДЫҢ СЕБЕБИ

Несие төлеуге қиналып жүрген жандардың бірі — астаналық 22 жастағы студент Ерназар. Қазір ол қатарынан үш жерде жұмыс істейді. Белгілі бір уақытқа дейін дәмханада аспаз болып жұмыс істесе, кештен түн ортасына дейін екінші жұмысында шағын фирмаға түскен тапсырыстарды қаптайды. Бұдан бөлек, демалыс және мереке күндері фотограф қызметін де атқарады. Ерназардың айтуынша, мұның барлығы оның он сегіз жасында алған алғашқы несиеден басталған. Қазір оның мойнында алты несие бар. Тапқан табысының басым бөлігі осы несиедердің ай сайынғы төлеміне кетеді. Ол жастық шақта жасаған бұл шешімі үшін қатты өкінетінін айтады.

«Мен оқу мен жұмысты қатар алып жүремін деп ойладым. Сондықтан кредит алар кезде ай сайынғы төлемнің ауыртпалығы туралы көп ойланбадым. Бірақ семестр ортасында қаржылық жағдайым қиындай бастады. Достарыма қарыз болып қалдым. Содан кейін тағы бір несие рәсімдедім. Бұл жолы ақшалай несие алдым. Үлкен қаладағы өмір мен ойлағандай оңай болмады. Осылайша бір несиеден екіншісімен жаба бердім», - дейді студент. Оның айтуынша, уақыт өте келе банктен несие алу қиындай түскен, тіпті кейбірі кредит беруден бас тартқан. Сол кезде ол достарының атына несие рәсімдеп, ай сайын уақытылы төлеп тұруға уәде берген. Қазір осы міндеттемелерді орындау үшін амалсыздан үш жұмыста қатар еңбек етіп жүр.

Қаржыгер Дидара Құрманның айтуынша, қазақстандықтардың несиеге жиі жүгінуді табыстың төмендігінен емес, көбіне қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігінен туындайды. «Қарапайым адамдардың басты қателігі — шығын есебін жүргізбеу. Адам ақшасының қайда жұмсалып жатқанын білмегендіктен, ай сайын қаржылық тапшылыққа тап болады. Оған қоса, көпшіліктің 3-6 айлық қаржылық қауіпсіздік қоры жоқ. Күтпеген жағдай туындаса, бірден несиеге жүгінеді. Осылайша қажеттілік үшін алынған қарыз да, тұтынушылық мақсаттағы қарыз да көбейе береді», - дейді маман. Оның сөзінше, қарыздың бір бөлігі шынайы қажеттіліктен алынғанымен, сол қажеттіліктің өзі көбіне қаржылық қордың болмауынан туындайды. «Төлем мәдениеті қалыптаспаған

адам көбіне эмоциялық сатып алулар жасайды: акцияларға алданып, жоспарсыз мүлік немесе техника сатып алады. Мұндай қателіктер табысынан артық қаражат жұмсауға әкеледі. Ал төуекелдерді ескермей несие алғандар қарыздың нақты құнын түсіне бермейді: жасырын комиссиялар, ЖТСМ (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі), сондай-ақ төлемді кешіктіргені үшін айыппұлдар қарызды 30-70 пайызға дейін қымбаттатуы мүмкін», - дейді қаржыгер.

ӨР 5 ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ТӨРТЕУІ НЕСИЕСІН ӨТЕП ЖҮР

Ресми мәліметке қарағанда, қарыз алушылардың құрылымы мынадай: кредиттердің жиынтық көлемінің 46,8 пайызы бизнес кредиттеріне (яғни қаржылық емес заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің кәсіпкерлік мақсатта алған қарыздарына), ал 53,2 пайызы тұтынушылық мақсаттағы берешектерге тиесілі. Яғни қазақстандықтардың басым бөлігі несиемен кәсіпкерлік мақсатта емес, тұтынушылық мақсатта алады.

ҚАЗАҚСТАНДА ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛМАҒАН НЕСИЕ КЕЛІСІМІ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ САНЫ 7,7 МИЛЛИОН АДАМҒА ЖЕТКЕН. БҰЛ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ХАЛЫҚТЫҢ ШАМАМЕН 83 ПАЙЫЗЫ. ДЕМЕК, ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІ ӘРБІР БЕС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ТӨРТЕУІ БАНКТЕН НЕСИЕ АЛЫП, ҚАРЫЗЫН ӨТЕП ЖҮР.

Статистикаға сүйенсек, аталған 7,7 миллион адамның бір бөлігінде бірнеше несие бар. Бірінші кредиттік бюроның дерегі бойынша, қарыз алушылардың кемінде 17 пайызының несиесі 90 күннен асып кеткен, яғни проблемалық берешек санатына жатады. **МҰМКІНДІК ПЕН АУЫРТПАЛЫҚ** Қазіргі тұтынушылық үрдістердің өсуі, банктен жеңілдетілген несие өнімдерін жылдам мақұлдауы және агрессивті маркетингтің әсерінен халықтың несие алуы азаймай отыр деп есептейді экономист Бауыржан Ысқақов.

«Онлайн несие, бөліп төлеу, кешбөк сияқты құралдар халыққа барынша қолжетімді. Ал жинақ мәдениетінің әлсіздігі мен нақты жалақының төмендігі борыш жүктөмесінді тұрақты өсуіне әкеліп отыр», - дейді маман. Сонымен қатар, ол инфляция, девальвация және дағдарыс жағдайларында несиеге сұраныс күрт артатынын атап өтті. Инфляция кезінде халық ақшасының құнсыздануына жол бермеу үшін тауарды дәл қазір сатып алуға тырысады.

«Девальвация кезінде импорттық тауарлардың қымбаттауының ескеріп, көлік пен техниканы алдын ала алуға ұмтылады. Ал дағдарыс кезінде табыс қысқарып, төлем қабілеті төмендегенімен, несие көлемі жоғары деңгейде қалып, төлемдердің кешіктірілуі жиілейді», - дейді экономист. Ұзақ мерзімді перспективаға болжам жасай отырып, маман үш сценарийді бөліп көрсетеді. Базалық сценарий бойынша жалақы инфляцияны толық қуып жете алмайды, ал бөліп төлеу мен тұтынушылық несие жыл сайын 8-12 пайызға өсіп, борыш жүктөмесі біртіндеп артады.

Оптимистік сценарийде табыс өсімі тұрақталып, инфляция 5-6 пайыз деңгейінде бауалайды. Бұл ретте несиеге қойылатын мемлекеттік шектеулер қарыз өсімін тежейді. Ал пессимистік сценарий бойынша инфляция күшейіп, девальвацияның ықтималдығы артады, несие көлемі жыл сайын 15-20 пайызға өседі. Соның салдарынан халықтың борыштық қысымы күшейіп, төлем қабілеті на-

шарлайды. «Егер табыс пен баға арасындағы теңсіздік, жинақ мәдениетінің әлсіздігі және қаржылық сауаттылық сияқты негізгі проблемаларды шешуге бағытталған реформалар жүргізілмесе, алдағы үш-бес жылда халықтың қарыз жүктөмесі тұрақты түрде өсе береді. Қарыз — өмір сүруге мүмкіндік беретін құрал, бірақ қаржылық тәртіп болмаса, ол адамға ауыртпалық әкеледі», - деп түйіндеді Бауыржан Ысқақов.

НЕСИЕ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ ҚАНДАЙ?

Психолог Гүлнұр Кудерованың айтуынша, несиеге жиі жүгінетін адамдардың басым бөлігінде FOMO (ағылшын тіліндегі fear of missing out — бір нәрседен қалып қоямын деген қорқыныш) әсері байқалады. Соның салдарынан қазіргі таңда алынатын несие-лердің бір бөлігі нақты қажеттілікті өтеу үшін емес, өзгелерге жақсы көріну, әлеуметтік мәртебені көрсету мақсатында рәсімделеді. «Адамдар өздерін өзгелерден төмен сезінбеу үшін, "мен де өмір сүріп жатырмын" дегенді дәлелдеу мақсатында қарыз алады. Негізінде, бұл — ішкі қорқыныштың және өзін бағалауды сыртқы факторлармен өлшеудің белгісі. Уақыт өте келе мұндай әрекет әдетке айналып, адам шынайы қажеттілік пен жасанды тілектің арасындағы айырмашылықты ажырата алмай қалады», - дейді ол.

Сонымен қатар, маман қаржылық мәдениет пен сауаттылықтың қалыптасуына отбасының тікелей әсері бар екенін атап өтті. Егер отбасында ата-ана ақшаға тым шектеулі немесе керісінше жауапсыз қараса, бұл балаға да әсер етеді.

«Егер ата-ана баласына қаржылық мәдениетті дұрыс үйретсе, ол өсе келе қаржылық сауатты болады. Мысалы, баланы дүкенге жұмсағанда, қажет сомдан сәл артық ақша беріп, "қалғанын жина" деп үйретсе, бала үнемдеуді меңгереді. Ал мұндай тәрбие болмаса, есейгенде адам табысының қайда кеткенін түсінбей, оны дұрыс басқаруды білмейді», — дейді психолог.

Бұл мәселеге әлеуметтанушы Мейрман Ерланұлы да өз көзқарасын білдірді. Оның айтуынша, проблема екінші деңгейлі банктен несие алу процесін барынша жеңіл әрі қолжетімді етуімен де байланысты болуы мүмкін.

«Қазір адамға ақша қажет болса, немесе тауар сатып алғысы келсе, тек телефонны алып, онлайн түрде рәсімдей салады. Құжаттың көп қажет етілмеуі — процесі тым жеңілдетіп жіберді. Соның салдарынан "неге осы мүмкіндікті пайдаланбасқа?" деген ой туындайды. Оған қоса "0-0-12", "0-0-24" сияқты бөліп төлеу тәсілдері де кең таралған. Бұл адамдарға тауарды тегін алып жатқандай әсер береді. Ал оның артында қандай қауіп-қатер бар екені, "төлей алмай қаламын-ау" деген ой көп жағдайда ескерілмейді», - дейді әлеуметтанушы. Еске сала кетсек, елімізде бұған дейін eGov Mobile қосымшасында «несие алудан ерікті түрде бас тарту» қызметі іске қосылған болатын. Яғни азаматтар болашақта несие алмау туралы шешім қабылдаса, арнайы функцияны қосу арқылы өздерін кредит рәсімдеуден шектей алады. Алайда бұл жаңашылдық та несие алуды толық тоқтата алмай отыр. Себебі қажет болған жағдайда кез келген адам бұл шектеуді өз бетінше алып тастай алады.

Жайна ТҰРАПБЕК ADYRNA.KZ

ТАЗА КАЗАҚСТАН

ҚАЙЫҢДАДАҒЫ ИГІ БАСТАМА

ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ «ТАЗА КАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «МӨЛДІР БҰЛАҚ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАНЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ.



Аталған игі бастама табиғи су көздерін қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында қолға алынған. Шараға округ әкімдігі қызметкерлері, түрлі мекеме ұжымдары мен ауыл тұрғындары белсенді түрде қатысып, ортақ іске жұмыла кірісті. Науқан барысында Көсембай ауылында орналасқан табиғи бұлақ көздерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Көпшілік қауым бұлақ маңын тұрмыстық қалдықтардан тазартып, айналасын ретке кел-

тірді. Сонымен қатар, бұлақ арналарындағы бітеліп қалған тұстар ашылып, су көздерінің табиғи ағысын қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Осындай игі істердің нәтижесінде бұлақтың бастапқы табиғи келбеті қайта жаңғырып, айналасы көркейе түсті. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының таза ауыз суға қол жеткізуіне, сондай-ақ табиғи ортаның сақталуына оң әсерін тигізеді. Айта кету керек, «Мөлдір бұлақ» экологиялық науқаны тек тазалық жұмыстарымен

шектелмейді. Ол – тұрғындарды табиғатты аялауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үндейтін маңызды бастама. Табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану, су көздерін қорғау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Халқымыз ежелден «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп бекер айтпаған. Бұл нақыл сөздің астарында табиғатқа деген қамқорлық пен жауапкершілік жатыр. Таза бұлақ – халық денсаулығының кепілі, тіршілік нәрінің қайнар көзі екені сөзсіз.

МӨЛДІР БҰЛАҚ - ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ АУҒАҒЫ



«Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған «Мөлдір бұлақ» атты ауқымды экологиялық шара аудан жұртшылығының белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Игі бастаманың басты мақсаты – өзен-көлдер мен теңіз жағалауларының қоқыстан тазарту, қоршаған ортаны абаттандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Акция барысын-

да ауданның жоғары сынып оқушылары мен ерікті жастар бірлесіп, Ойыл өзенінің жағалауын құл-қоқыстан тазартты. Табиғат жанашырлары өздерінің ұйымшылдығы мен жауапкершілігін танытып, туған жердің тазалығына бейжай қарамайтынын дәлелдеді. Шара соңында акцияға белсене қатысқан жастарға ұйымдастырушы орталық тарапынан сыйлықтар табысталып, білім

бөлімі жоғары сынып оқушыларын қолдау мақсатында баллмұздақтар таратты. Жаппы алғанда, акцияға білім беру ұйымдарынан 85 жас тартылды. Табиғатты аялау – әр азаматтың қасиетті борышы. Осындай игі істер арқылы жас ұрпақтың бойында экологиялық мәдениет қалыптасып, қоршаған ортаға деген жанашырлық арта түсетіні анық.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА «ТАЗА КАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА КЕЗЕКТІ «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» СЕНБІЛІГІ ӨТКІЗІЛДІ. ІС-ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – АУДАН АУМАҒЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Сенбілік барысында полигон аумағында ауқымды тазалық жұмыстары жүргізіліп, тұрмыстық қалдықтар мен

қоқыстар жиналды. Сенбілік жалпы саны 110 адам қатысып, оның ішінде мекеме басшылары мен қызметкер-

лері белсенділік танытты. Сонымен қатар, тазалық шарасына 2 арнайы техника жұмылдырылып, қоқыстарды тиеу және шығару жұмыстары ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 10 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық арнайы белгіленген орындарға шығарылды. Аумақты ретке келтіру және санитарлық талаптарға сәйкестендіру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде атқарылды. Ойыл ауылдық округінің әкімдігі мұндай экологиялық акциялар алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтіп, тұрғындарды туған жердің тазалығын сақтауға белсенді атсалысуға шақырды.